# Қаржылық ақпарат нысандарын толтыру жөніндегі Нұсқаулықты, Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне талдау жүргізу жөніндегі нұсқаулықты және Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметтері тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 135 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 28 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2250. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 523 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.11.29 № 523 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Бұйырамын :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қаржылық ақпарат нысандарын толтыру жөніндегі нұсқаулық және оған қоса беріліп отырған қаржылық ақпарат нысандары:

1-нысан: "Базалық көрсеткіштер" (1-қосымша);

2-нысан: "Айналым балансы" (2-қосымша);

3-нысан: "Кірістер мен шығыстар туралы есеп" (3-қосымша);

4-нысан: "Ақшаның қозғалысы туралы есеп" (4-қосымша);

5-нысан: "Кезең шығыстарының құрамы туралы есеп" (5-қосымша);

6-нысан: "Еңбек жөніндегі есеп" (6-қосымша);

7-нысан: "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіру мен сату туралы есеп" (7-қосымша);

8-нысан: "Бөлінбеген кіріс қозғалысы туралы есеп (жабылмаған зиян)" (8-қосымша);

9-нысан: "Қаржылық ақпарат нысандарына түсіндірме жазба" (9-қосымша)";

2) Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне талдау жүргізу жөніндегі нұсқаулық;

3) Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметтері тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .

2. "Қаржылық ақпарат нысандарын толтыру жөніндегі нұсқаулықты, Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне талдау жүргізу ережелерін және Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметтері тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 182 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік емес мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың директорлар кеңесіндегі мемлекеттік өкілдермен қаржылық ақпаратты жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы М.С.Рахановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
02 сәуірдегі 2003 жылғы
N 135 бұйрығымен
бекітілген

## Қаржылық ақпарат нысандарын толтыру жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық және қаржылық ақпарат нысандары мемлекеттік меншікті тиімді басқаруды арттыру мақсатында әзірленді.

## 2. 1-нысан "Базалық көрсеткіштер" (1-қосымша)

2. 1 "Заңды тұлғаның толық атауы" жолы бойынша - Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі куәлікке сәйкес заңды тұлғаның толық атауы толтырылады.

3. 2 "ID-код (бірегей сәйкестендіру коды)" жолы бойынша - Мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің және мемлекеттің қатысу үлесі бар шаруашылық серіктестіктердің Мемлекеттік тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын ұйымдармен иеленеді.

4. 3 "Ұйымдық-құқықтық нысан" жолы бойынша - Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі куәлікке сәйкес толтырылады.

5. 4 "Толық почталық (заңды) мекен-жайы" жолы бойынша - индекс, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше (шағын аудан), үй (егер заңды тұлға шетелде орналасса - елі) толтырылады.

6. 5 "Заңды тұлғаның бастапқы мемлекеттік тіркелген күні" жолы бойынша және 6 "Заңды тұлғаның соңғы мемлекеттік қайта тіркелген күні" жолы бойынша - Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі куәлікке сәйкес толтырылады.

7. 7 "Заңды тұлғаның бастапқы мемлекеттік тіркеу нөмірі" жолы бойынша және 8 "Заңды тұлғаның соңғы мемлекеттік қайта тіркеу нөмірі" жолы бойынша - Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі куәлікке сәйкес толтырылады.

8. 9 "СТН" жолы бойынша - Салық төлеушінің куәлігіне сәйкес толтырылады.

9. 10 "Басқару органының (мемлекеттік орган немесе заңды тұлға) атауы" жолы бойынша иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган - акционерлік қоғамдар үшін (мемлекеттік басқару органы - мемлекеттік кәсіпорындар үшін), не мемлекеттік мүлік сенімгерлік басқаруға берілген заңды немесе жеке тұлға көрсетіледі.

10. 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-жолдарды акционерлік қоғамдар толтырады.

11. 11 "Акциялар эмиссиясының бастапқы мемлекеттік тіркелген күні" жолы бойынша және 12 "Акциялар эмиссиясының соңғы мемлекеттік тіркелген күні" жолы бойынша - уәкілетті орган эмиссия тіркеуге сәйкес эмиссия күні толтырады.

12. 13 "Акциялар эмиссиясының бастапқы мемлекеттік тіркеу нөмірі" жолы бойынша және 14 "Акциялар эмиссиясының соңғы мемлекеттік тіркеу күні" жолы бойынша - Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлікке сәйкес эмиссия нөмірі толтырылады.

13. 15 "Акциялардың саны, барлығы" жолы бойынша - Қоғамның жарғысына сәйкес акциялардың жалпы саны (дана) толтырылады.

14. 15.1 "қарапайым акциялар" жолы бойынша - қарапайым акциялардың жалпы саны (дана) толтырылады.

15. 15.2. "артықшылығы бар акциялар" жолы бойынша - артықшылығы бар акциялардың жалпы саны (дана) толтырылады.

16. 16 "Бір акцияның атауы" жолы бойынша - Қоғамның жарғысына сәйкес бір акцияның номиналдық құны толтырылады.

17. 17 "Акциялардың мемлекеттік пакеті (дана)" жолы бойынша - мемлекетке тиесілі акциялардың саны (дана) толтырылады.

18. 18 "Акциялардың соңғы эмиссиясын тіркеуші жөніндегі деректер ( тіркеушінің атауы, мекен-жайы, лицензияның нөмірі, байланыс телефоны)" -

тіркеушінің толық атауы, заңды мекен-жайы, лицензияның нөмірі мен байланыс телефонының нөмірі толтырылады.

19. 19 "ЖШС-тың жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлес, (%)" құрылтайшылық құжаттарға сәйкес толтырылады.

20. 20 "Басшының лауазымы" штат кестесіне сәйкес толтырылады.

21. 21, 22 және 23 жолдар бойынша. Тегі, аты және әкесінің аты толық толтырылады.

22. 24, 25 және 26 жолдар бойынша. Міндетті түрде елді мекеннің коды толтырылады.

23. 27 "Электрондық мекен-жайы (e-mail)" жолы бойынша - кәсіпорынның электрондық почтасының мекен-жайы толтырылады.

## 3. 2 "Айналым балансы" нысаны (2-қосымша)

24. Міндетті түрде қорытынды сомалар 2 "Айналым балансы" нысанының ( бұдан әрі - айналым балансы) бөлімдері мен бөлімшелері бойынша есептеледі.

25. Айналым балансының 10, 12, 14, 20, 21, 22, 30, 32, 33, 34, 35, 40, 41, 42, 43 , 44, 45, 51 және 52-бөлімшелеріндегі шоттар бойынша сальдо дебет бойынша көрсетіледі, көрсетілген бөлімдер мен бөлімшелердің шоттарында кредиттік сальдо пайда болған жағдайда, осы сома "минус" белгісімен дебет бойынша көрсетіледі.

26. 6 бөлім мен 11, 13, 31, 53, 54, 55 және 56-бөлімшелердегі шоттар бойынша сальдо кредит бойынша көрсетіледі, көрсетілген бөлімдер мен бөлімшелердің шоттарында дебеттік сальдо пайда болған жағдайда, ол "минус" белгісімен кредит бойынша көрсетіледі.

27. Айналым балансының барлық шоттары бойынша айналымдар толық түрде көрсетіледі, яғни дебеттік және кредиттік айналымдар толтырылады. Айналым балансының 7, 8 және 9-бөлімдердегі шоттар бойынша есептік кезең үшін айналымдар міндетті түрде толтырылады, бұл ретте, шоттар міндетті түрде жабылады, яғни бұл шоттар бойынша сальдо жоқ.

28. Баланс валютасының есепті кезеңінің басындағы және аяғындағы дебеттік сальдо 11, 13 және 31-бөлімшелердің кредит сальдосының сомасын азайтып, 1, 2, 3 және 4-бөлімдердің дебет сальдосының сомасын қосу жолымен есептеледі, яғни баланс - нетто.

29. Баланс валютасының есепті кезеңінің басындағы және аяғындағы кредит сальдосы 51 және 52-бөлімшелердің дебет сальдосының сомасын азайтып, айналым балансының 5 және 6-бөлімдерінің сомасын қосу жолымен есептеледі, яғни баланс-нетто.

30. Баланс валютасының дебеттік және кредиттік айналымдары тиісінше дебет бойынша және кредит бойынша айналым балансының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-бөлімдерінің сомаларын қосу жолымен есептеледі.

31. 1, 2, 3, 4, 5 және 6-бөлімдердің шоттарында ұйымның құрылымдық бөлімшелері (өкілдіктері, филиалдары) мен орталық аппарат арасында ішкі айналымдар көрсетілмеуі тиіс.

32. "Анықтамалық * " кестесінің А бөліміндегі "Шектеулі" бағанында есепті кезең үшін билік етуге шектеулі мүліктердің құны көрсетіледі. "Өндіріп алынғаны" бағанында есепті кезең үшін салық органдары өндіріп алған мүліктердің құны көрсетіледі. "Алынғаны" бағанында есепті кезең үшін билік етудегі шектеу алынған мүліктің құны көрсетіледі. Есепті кезеңнің аяғына сальдо өндіріп алынған және шектеу алынған мүлік құнын азайтып, есепті кезеңнің басындағы сальдо мен билік ету шектелген мүліктің сомасын қосу жолымен есептеледі.

33. "Анықтамалық * " кестесінің "Б" бөліміндегі есепті кезең аяғындағы сальдо төленген және шақырып алынған инкассолық өкімдер сомасын азайтып есепті кезеңнің басындағы сальдо мен қойылған инкассолық өкімдер сомасын қосу жолымен есептеледі.

34. "Анықтамалық * " кестесінің "В" бөлімінде есепті кезең үшін сот шешіміне сәйкес кредиторлардың талабы бойынша алынған мүліктің сомасы көрсетіледі.

## 4. 3 "Кірістер мен шығыстар туралы есеп" нысаны (3-қосымша)

35. 1 "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын кіріс" жолы бойынша айналым балансының 70-бөлімшесіндегі несиелік айналымның сомасы көрсетіледі.

36. 2 "Сатылған дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны" жолы бойынша айналым балансының 80-бөлімшесі дебеттік айналымының сомасы көрсетіледі.

37. 4 "Кезеңнің шығыстары, оның ішінде" жолы бойынша 4.1, 4.2, 4.3-жолдарының жалпы сомасы көрсетіледі. 4.1-жол бойынша 821 "Жалпы және әкімшілік шығыстар" шотының дебеттік айналым сомасы көрсетіледі, 4.2-жол бойынша 811 "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізу байланысты шығыстар" шотының дебеттік айналым сомасы көрсетіледі, 4.3-жол бойынша 831 "Сыйақы түріндегі шығыстар" шотының айналым балансының дебеттік айналым сомасы көрсетіледі.

38. 6 "Негізгі емес қызметтен алынатын кіріс (шығыс)" жолы бойынша айналым балансының 72-бөлімшесінің кредиттік айналым сомасы мен айналым балансының 84-бөлімшесінің дебеттік айналым сомасы арасындағы айырмашылық сомасы көрсетіледі.

## 5. 4 "Ақша қозғалысы туралы есеп" нысаны (4-қосымша)

39. "Бухгалтерлік есеп стандарттары туралы" Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысымен бекітілген N 4 Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес тікелей әдіспен толтырылады.

40. "Есепті кезеңнің басындағы ақша" жолы бойынша айналым балансының 41 "Жолдағы ақша", 42 "Банктердегі арнаулы есеп шоттардағы ақша", 43 " Валюталық шоттағы ақшалар", 44 "Есеп айырысу шотындағы ақшалар" және 45 " Кассадағы қолға берілетін ақшалар" бөлімшелерінің есепті кезең басындағы дебеттік сальдо сомасы көрсетілді. "Есепті кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражат" жолы бойынша айналым балансының 41 "Жолдағы ақша", 42 "Банктердегі арнаулы есеп шоттардағы ақша", 43 "Валюталық шоттағы ақшалар", 44 "Есеп айырысу шотындағы ақшалар", 45 "Кассадағы қолға берілетін ақшалар" бөлімшелерінің есепті кезеңнің аяғындағы дебеттік сальдоның сомасына тең болуы тиіс "Жиыны: ақшаның артуы (+)/азаюы (-)" және "Есепті кезеңнің басындағы ақша" жолдарының сомалары көрсетіледі.

## 6. 6 "Кезең шығыстарының құрамы туралы есеп" нысаны (5-қосымша)

41. 1 "Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы" жолы бойынша 1.1, 1.2, 1.3 , 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.11, 1.12, 1.13, 1.14, 1.15, 1.16, 1.17, 1.18, 1.19, 1.20, 1.21, 1.22, 1.23, 1.24, 1.25, 1.26 және 1.27 жолдарының сомасына тең болуы тиіс айналым балансының 821 шотының дебеттік айналым сомасы көрсетіледі. 1.7 жолы бойынша 1.7.1 және 1.7.2. жолдарының сомасы көрсетіледі.

42. 2 "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді), барлығы" жолы бойынша 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5, 2.6, 2.7, 2.8, 2.9, 2.10, 2.11 және 2.12 жолдарының сомасына тең болуы тиіс айналым балансының 811 шотының дебеттік айналым сомасы көрсетіледі. 2.7 жолы бойынша 2.7.1 және 2.7.2. жолдарының сомасы көрсетіледі.

43. 3 "Сыйақы түріндегі шығыстар" жолы бойынша 3.1, 3.2, 3.3 және 3.4. жолдарының сомасына тең болуы тиіс айналым балансының 831 айналым шотының дебеттік айналым сомасы көрсетіледі.

## 7. 6 "Еңбек бойынша есеп" нысаны (6-қосымша)

44. 1 "Қызметкерлердің саны және жалақы қоры" бөлімі есепті кезең үшін Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 12 шілдедегі №N 38-Г бұйрығымен бекітілген Еңбек бойынша статистикалық есептемені толтыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

45. 2 "Еңбекке ақы төлеу" бөлімі есепті кезең үшін толтырылады.

46. 001 "Есепті кезең үшін басындағы жалақы бойынша берешек" жолы бойынша айналым балансының 681 "Еңбекақы бойынша қызметкермен есеп айырысу", 682 "Лауазымды тұлғаларға борыш" және 685 "Қызметкерлердің демалыстары бойынша есептелген борыш" шоттарының есепті кезең басындағы кредиттік сальдоның сомасы көрсетіледі.

47. 002 "Есепті кезең үшін есептелгені" жолы бойынша айналым балансының 681 "Еңбекақы бойынша қызметкермен есеп айырысу", 682 "Лауазымды тұлғаларға борыш" және 685 "Қызметкерлердің демалыстары бойынша есептелген борыш" шоттарының есепті кезең үшін кредиттік айналымның сомасы көрсетіледі.

48. 003 "Ұсталғаны, барлығы" жолы бойынша 004, 005, 006-жолдардың сомасы көрсетіледі.

49. 007 "Есепті кезең үшін төленгені, барлығы" жолы бойынша 008, 009-жолдардың сомасына тең болуы тиіс зейнеткерлік жарналар, жеке табыс салығы мен өзгелер бойынша ұсталған сомаларды азайтып, айналым балансының 681 " Еңбекақы бойынша қызметкермен есеп айырысу", 682 "Лауазымды тұлғаларға борыш" және 685 "Қызметкерлердің демалыстары бойынша есептелген борыш" шоттарының есепті кезең үшін дебеттік айналымының сомасы көрсетіледі.

50. 010 "Есепті күнге сальдо (қалдық)" жолы бойынша 003 және 007-жолдардың сомасын азайтып 001 және 002-жолдардың сомасына тең болуы тиіс айналым балансының 681 "Еңбекақы бойынша қызметкермен есеп айырысу", 682 "Лауазымды тұлғаларға борыш" және 685 "Қызметкерлердің демалыстары бойынша есептелген борыш" шоттарының есепті кезең соңына кредиттік сальдоның сомасы көрсетіледі.

## 8. 7 "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіру мен сату туралы есеп" нысаны (7-қосымша)

51. 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 2.1, 2.2, 2.3, 2.4 және 2.5-жолдар бойынша өнімдердің негізгі түрлері толтырылады, әр жол бойынша өлшеу бірлігі жақшаның ішінде толтырылады.

52. 1.6 және 2.6-жолдар бойынша өнімнің өзге түрлері толтырылады, бұл ретте, 4, 6, 8 және 10-бағандар бойынша ғана деректер көрсетіледі, яғни құндық тұлғалануында.

53. 1 "Дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің) өндірілгені " жолы бойынша 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5 және 1.6-жолдардың сомасы көрсетіледі. Міндетті түрде өндірілген өнімдердің барлық түрі көрсетіледі. Бұл ретте, өнім түрлерінің жолдары бойынша және 4, 6, 8, 10-бағандар бойынша өзіндік құны көрсетіледі, яғни 221 "Дайын өнім" шотының дебеттік айналымы. Егер аяқталмаған өндірістің өнімдерінің өндірілуі көрсетілсе, жеке жолмен аяқталмаған өндіріс өнімдерінің атауы, өлшем бірлігі, саны және сомасы көрсетілсін. Егер жұмыстар мен қызметтер жүзеге асырылса, онда 80 "Сатылған дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны, барлығы бөлімшелер бойынша" бөлімшесі шоттарының дебеттік айналымының сомасы көрсетіледі.

54. 2-жол бойынша 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5 және 2.6-жолдардың сомасы көрсетіледі. Міндетті түрде сатылған өнімдердің барлық түрлері көрсетіледі. Бұл ретте, өнім түрлерінің жолдары бойынша және 4, 6, 8, 10-бағандар бойынша сатылуы көрсетіледі, яғни 701 "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын кіріс" шотының несиелік айналымы.

55. Қажеттілік болған кезде қосымша жолдар қосылады.

## 9. 8 "Бөлінбеген кіріс(жабылмаған зиян) қозғалысы туралы есеп" нысаны (8-қосымша)

56. 1 "Жылдың басындағы сальдо" жолы бойынша айналым балансының 562 "Алдағы жылдардың бөлінбеген кірісі (жабылмаған зиян)" шотының есепті кезең басындағы сальдо көрсетіледі.

57. 2 "Есепті кезең үшін алынған таза табыс (шығын)" жолы бойынша 3 " Кірістер мен шығыстар туралы есеп" нысанының 11 "ТАЗА ТАБЫС (ШЫҒЫН)" жолының сомасы көрсетіледі.

58. 3 "Бөлінбеген кірісті басқа да арттырулар, барлығы" жолы бойынша 3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5, 3.6, 3.7, 3.8, 3.9 және 3.10-жолдардың сомасы көрсетіледі.

59. 4 "Жиыны" жолы бойынша 2 және 3-жолдардың сомасы көрсетіледі.

60. 5 "________ __________ кезең ішінде қызмет қорытындылары бойынша есептелген дивидендтер (таза табыстың бөлігі РМК үшін)" жолы бойынша 62 " Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша есеп айырысу, бөлімшелер бойынша барлығы" бөлімшесінің кредиттік айналымы көрсетіледі.

61. 6 "Бөлінбеген кірісті басқа да азайтулар, барлығы" жолы бойынша 6.1, 6.2,

6.3, 6.4, 6.5, 6.6, 6.7, 6.8, 6.9 және 6.10-жолдардың сомалары көрсетіледі.

62. 7 "Жиыны" жолы бойынша 5 және 6-жолдардың сомасы көрсетіледі.

63. 8 "Жыл соңындағы сальдо" жолы бойынша 561 және 562-шоттар бойынша жыл аяғындағы сальдомен тең болуы тиіс 7-жолды шегеріп 1 және 4-жолдардың сомалары көрсетіледі.

## 10. 9 "Қаржылық ақпарат нысандарына түсіндірме жазба" нысаны (9-қосымша)

64. Түсіндірме жазбада ұйымның қаржы-шаруашылық қызметтері операцияларының ерекшеліктері ашып көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат
нысандарын толтыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

1-нысан

**Базалық көрсеткіштер**

20 ____жылғы 01______ арналған

| N | Көрсеткіштің атауы | Ақпарат |
|---|---|---|
| 1 | Заңды тұлғаның толық атауы | |
| 2 | ID-коды (бірегей сәйкестендіру коды) | |
| 3 | Ұйымдық-құқықтық нысан | |
| 4 | Толық почталық (заңды) мекен-жайы | |
| 5 | Заңды тұлғаның бастапқы мемлекеттік тіркелген күні | |
| 6 | Заңды тұлғаның соңғы рет мемлекеттік қайта тіркелген күні | |
| 7 | Заңды тұлғаның бастапқы мемлекеттік тіркеу нөмірі | |
| 8 | Заңды тұлғаның соңғы мемлекеттік қайта тіркеу нөмірі | |
| 9 | СТН | |

10 Басқару органының (мемлекеттік орган немесе заңды тұлға) атауы
11 Акциялар эмиссиясының бастапқы мемлекеттік тіркелген күні *
12 Акциялар эмиссиясының соңғы мемлекеттік тіркелген күні
13 Акциялар эмиссиясының бастапқы мемлекеттік тіркеу нөмірі
14 Акциялар эмиссиясының соңғы мемлекеттік тіркеу нөмірі
15 Акциялардың саны, барлығы оның ішінде
15.1 жай акциялар
15.2 артықшылығы бар акциялар
16 Бір акцияның атауы, теңге
17 Акциялардың мемлекеттік пакеті (дана)
18 Акциялардың соңғы эмиссиясын тіркеуші жөніндегі деректер (тіркеушінің атауы, мекен-жайы, лицензия нөмірі, байланыс телефоны)
19 ЖШС-тың жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлес, (%) **
20 Басшының лауазымы
21 Басшының тегі, аты-жөні
22 Бас бухгалтердің тегі, аты-жөні
23 Жауапты орындаушының тегі, аты-жөні
24 Басшының телефоны (елді мекеннің коды)
25 Бас бухгалтердің телефоны (елді мекеннің коды)
26 Жауапты орындаушының телефоны (елді мекеннің коды)
27 Электронды мекен-жайы (e-mail)

---

*Басшы* ______________________________

*қолы* * * *

*Бас бухгалтер* ______________________________

қолы ***

*Жауапты орындаушы* _______________________________

*қолы* ***

* 11-18-тармақтарды тек АҚ толтырады

** 19-тармақты тек ЖШС толтырады

*** Қолдар мөрмен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

2-нысан

**Айналым балансы**

Заңды тұлғаның атауы

____жылғы 01______ бастап ____ жылғы 01_______ кезеңі

мың теңге

| Шоттың коды | Шоттың атауы | Есепті кезеңнің басталу күні сальдо | | Есепті кезең үшін айналымдар | | Келесі кезеңнің басталу күні сальдо | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Д-т | К-т | Д-т | К-т | Д-т | К-т |
| 1 | бөлім. АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР, Бөлім бойынша жиыны | | | | | | |
| 10 | Материалдық емес активтер, бөлімше бойынша барлығы | | | | | | |
| 101 | Лицензиялық келісімдер | | | | | | |
| 102 | Бағдарламалық қамтамасыз ету | | | | | | |
| 103 | Патенттер | | | | | | |
| 104 | Ұйымдастыру шығындары | | | | | | |

105 Гудвилл
106 өзге де материалдық емес активтер
11 Материалдық емес активтер. дің амортизациясы, бөлімше бойынша барлығы
111 МЕА амортизациясы - Лицензиялық келісімдер
112 МЕА амортизациясы - Бағдарламалық қамтамасыз ету
113 МЕА амортизациясы - Патенттер
114 МЕА амортизациясы - Ұйымдастыру шығындары
115 МЕА амортизациясы - Гудвилл
116 МЕА амортизациясы - өзге де материалдық емес активтер
12 Негізгі қаражат, бөлімше бойынша барлығы
121 Жер
122 Ғимараттар мен құрылыс-жайлары
123 Машиналар мен құрал-жабдық. тар, қосалқы тетіктер
124 Көлік құралдары
125 өзге де негізгі қорлар
126 Аяқталмаған құрылыс
13 Негізгі қорлардың тозуы, бөлімше бойынша барлығы
131 Ғимараттар мен құрылыс-жайларының тозуы
132 Машиналар мен құрал-жабдық. тардың, қосалқы тетіктердің тозуы
133 Көлік құралдарының тозуы
134 өзгеде негізгі қорлардың тозуы
14 Инвестициялар, бөлімше

бойынша барлығы
141 Еншілес ұйымдарға инвестициялар
142 Тәуелді ұйымдарға инвестициялар
143 Бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаларға инвестициялар
144 Жылжымайтын мүлікке инвестициялар
2 бөлім. ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР, бөлім бойынша жиыны
20 Материалдар, бөлімше бойынша барлығы
201 Шикізат пен материалдар
202 Сатып алынатын жартылай фабрикаттар және құрамдық заттар, конструкциялар мен тетіктер
203 Отын
204 Ыдыс және ыдыстық заттар
205 Қосалқы бөлшектер
206 өзге де материалдар
207 өңдеуге берілген материалдар
208 Құрылыс материалдары мен басқалар
21 Аяқталмаған өндіріс, бөлімше бойынша барлығы
211 Негізгі өндіріс
212 өзінде өндірілген жартылай фабрикаттары
213 Көмекші өндіріс
22 Тауарлар, бөлімше бойынша барлығы
221 Дайын өнім
222 Алынған тауарлар
223 өзге де тауарлар
3 бөлім. ДЕБИТОРЛЫҚ БОРЫШ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АКТИВТЕР, Бөлім бойынша жиыны

| | | |
|---|---|---|
| 30 | | Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі, бөлімше бойынша барлығы |
| | 301 | Алуға арналған есептеулер |
| | 302 | Алынған вексельдер |
| | 303 | Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің басқа да берешегі |
| 31 | | Күдікті талаптар жөніндегі резервтер, бөлімше бойынша барлығы |
| 32 | | Сабақтас (тәуелді) ұйым. дардың дебиторлық берешегі, бөлімше бойынша барлығы |
| | 321 | Сабақтас ұйымдардың дебиторлық борышы |
| | 322 | Тәуелді ұйымдардың дебитор. лық борышы |
| | 323 | Бірлесіп бақыланбалы заңды тұлғалардың борышы |
| 33 | | өзге де дебиторлық борыш, бөлімше бойынша барлығы |
| | 331 | Орнын толтыруға ҚҚС |
| | 332 | Есептелген сыйақылар |
| | 333 | Қызметкерлер мен басқада тұлғалардың борышы |
| | 334 | өзге де дебиторлық борыш |
| 34 | | Алдағы кезеңдердің шығындары, бөлімше бойынша барлығы |
| | 341 | Сақтандыру полисі |
| | 342 | Жалдау ақысы |
| | 343 | Алдағы кезеңдердің өзгеде шығындары |
| 35 | | Берілген аванстар, бөлімше бойынша барлығы |
| | 351 | ТМҚ жеткізу үшін берілген аванстар |
| | 352 | Орындалған жұмыстар мен |

көрсетілген қызметтер үшін берілген аванстар
353 өзге де берілген аванстар
4 бөлім. ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ АҚШАЛАР, Бөлім бойынша жиыны
40 Қаржылық инвестициялар, бөлімше бойынша барлығы
401 Акциялар
402 Облигациялар
403 өзге де қаржылық инвестициялар
41 Жолдағы ақша, бөлімше бойынша барлығы
42 Банктердегі арнаулы есепшоттардағы ақша, бөлімше бойынша барлығы
421 Аккредитивтердегі ақша
422 Чек кітапшаларындағы ақша
423 Банктердегі арнаулы шоттарындағы ақша
424 Банктердегі өзге де шоттарындағы ақша
43 Валюталық шоттағы ақшалар, бөлімше бойынша барлығы
431 Ел ішіндегі валюталық шоттағы ақшалар
432 Шетелдегі валюталық шоттағы ақшалар
44 Есеп айырысу шотындағы ақшалар, бөлімше бойынша барлығы
45 Кассадағы қолға берілетін ақшалар, бөлімше бойынша барлығы
451 Кассадағы ұлттық валюта. мен қолға берілетін ақшалар

452 Кассадағы шетелдік валютамен қолға берілетін ақшалар

5 бөлім. ӨЗІНДІК КАПИТАЛ, Бөлім бойынша жиыны

50 Жарғылық капитал, бөлімше бойынша барлығы

501 Қарапайым акциялар

502 Артықшылығы бар акциялар

503 Салымдар мен пайлар

51 Төленбеген капитал, бөлімше бойынша барлығы

52 Қайтарып алынған капитал, бөлімше бойынша барлығы

53 Төленген қосымша капитал, бөлімше бойынша барлығы

54 Төленбеген қосымша капитал, бөлімше бойынша барлығы

541 Негізгі қорларды қайта бағалаудан алынатын төленбеген қосымша капитал

542 Инвестицияларды қайта бағалаудан алынатын төленбеген қосымша капитал

543 өзге де активтерді қайта бағалаудан алынған қосымша төленбеген капитал

55 Резервтік капитал, бөлімше бойынша барлығы

551 Заңмен белгіленген резервтік капитал

552 өзге де резервтік капитал

56 Бөлінбеген кіріс (жабылмаған зиян), бөлімше бойынша барлығы

561 Есепті жылдың бөлінбеген кірісі (жабылмаған зиян)

562 Алдағы жылдардың

бөлінбеген кірісі (жабылмаған зиян)

57 Жиынтық кіріс (зиян), бөлімше бойынша барлығы

6 бөлім. МІНДЕТТЕМЕЛЕР, Бөлім бойынша барлығы

60 Қарыздар, бөлімше бойынша барлығы

601 Банктердің қарыздары

602 Банктен тыс мекемелер. дің қарыздары

603 өзгелер

61 Алдағы кезеңдердің кірістері, бөлімше бойынша барлығы

62 Қатысушылардың дивиденд. тері мен кірістері бойынша есептеулер, бөлімше бойынша барлығы

621 Жай акциялар бойынша есеп айырысу

622 Артықшылықты акциялар бойынша есеп айырысу

623 Қатысушылардың кірістері бойынша есептесу

63 Бюджетпен есептесу, бөлімше бойынша барлығы

631 Төлеуге салынатын корпоративті табыс салығы

632 Кейінге қалдырылған корпоративті табыс салығы

633 ҚҚС

634 Акциздер

635 Әлеуметтік салық

636 Жер салығы

637 Мүлікке салынатын салық

638 Көлік құралдарына салық

639 өзге де салықтар, алымдар және бюджетке төленетін

| | | |
|---|---|---|
| | | міндетті төлемдер |
| 64 | | Еншілес (тәуелді) ұйымдарға кредиторлық борыш, бөлімше бойынша барлығы |
| | 641 | Еншілес ұйымдарға борыш |
| | 642 | Тәуелді ұйымдардың қарыздары |
| | 643 | Бірлесіп бақыланбалы заңды тұлғалар борыш |
| 65 | | Кепілдіктер мен шартты міндеттемелер, бөлімше бойынша барлығы |
| | 651 | Кепілдікті міндеттемелер |
| | 652 | Шартты міндеттемелер |
| 66 | | Алынған аванстар, бөлімше бойынша барлығы |
| | 661 | ТМҚ бергені үшін алынған аванстар |
| | 662 | Жұмыстар және көрсетілген қызметтерді орындағаны үшін алынған аванстар |
| | 663 | Алынған өзге де алынған аванстар |
| 67 | | Берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар, бөлімше бойынша барлығы |
| | 671 | Төлеуге шоттар |
| 68 | | өзге де кредиторлық борыш және есептеу, бөлімше бойынша барлығы |
| | 681 | Еңбекақысы бойынша қызметкермен есеп айырысу |
| | 682 | Лауазымды тұлғаларға борыш |
| | 683 | Жалгерлік міндеттемелер |
| | 684 | Төлеуге сыйақылар |
| | 685 | Қызметкерлердің демалыс. |

тары бойынша есептелген борыш
686 Жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша есеп айырысу
687 өзгелер
7 бөлім. КІРІСТЕР, Бөлім бойынша барлығы
70 Негізгі қызметтің кірісі, бөлімше бойынша барлығы
701 Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын кіріс
71 Сатылған тауарлардың қайтарылуы және сатудан шегерімдері, бағадан шегерім, бөлімше бойынша барлығы
711 Сатудан тауарлардың қайтарылуы
712 Сатудан шегерім
713 Бағадан шегерім
72 Негізгі емес қызметтен алынатын кіріс, бөлімше бойынша барлығы
721 Материалдық емес активтердің істен шығарылуынан алынатын кіріс
722 Негізгі қордың істен шығарылуынан алынатын кіріс
723 Инвестициялар, қаржы инвестициялар шегерілуі. нен кіріс
724 Акциялар бойынша дивидендтер және сыйақы түріндегі кірістер
725 Бағамдар айырмашылығынан алынатын кіріс

726 Атқарушы үкімет органдар. дың субсидиялары
727 Негізгі емес қызметтен алынатын өзге де кірістер
8 бөлім. ШЫҒЫСТАР, Бөлім бойынша жиыны
80 Сатылған дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны, бөлімше бойынша барлығы
801 Сатылған дайын өнімнің (жұмыстардың, қызмет. тердің) өзіндік құны
81 Дайын өнімді (тауарлар. дың, жұмыстардың, қызметтердің) өткізуге байланысты шығыстар, бөлімше бойынша барлығы
82 Жалпы және әкімшілік шығыстар, бөлімше бойынша шығыстар
83 Сыйақы түріндегі шығыстар, бөлімше бойынша шығыстар
84 Негізгі емес қызметтер бойынша шығыстар, бөлімше бойынша барлығы
841 Материалдық емес активтерді өткізуге байланысты шығыстар
842 Негізгі құралдардың істен шығуы бойынша шығыстар
843 Инвестициялар, қаржы инвестициялар істен шығуы бойынша шығыстар
844 Бағам айырмасы бойынша шығыстар

| | | |
|---|---|---|
| | 845 | Негізгі емес қызметтен бойынша өзге де шығыстар |
| 85 | | Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар, бөлімше бойынша шығыстар |
| 86 | | Төтенше жағдайлардан және тоқтатылған операциялардан түсетін кірістер (шығындар), бөлімше бойынша барлығы |
| | 861 | Табиғат апатынан болған өтелмеген шығындар |
| | 862 | Табиғат апатынан болған кірістер (шығындар) |
| | 863 | Тоқтатылған операциялар. дан болған кірістер (шығындар) |
| | 864 | Төтенше жағдайлардан және тоқтатылған операциялардан болатын өзге де кірістер (шығындар) |
| 87 | | Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудың кірісі (шығын), бөлімше бойынша барлығы |
| 9 | бөлім. | ӨНДІРІСТІК ЕСЕПТЕУДІҢ ЕСЕПТЕМЕСІ, Бөлім бойынша барлығы |
| 90 | | Негізгі өндіріс, бөлімше бойынша барлығы |
| | 900 | Негізгі өндіріс |
| | 901 | Материалдар |
| | 902 | өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы |
| | 903 | Еңбекақыдан бөлінетін аударымдар |
| | 904 | Құжаттық шығындар |
| 91 | | өзіндік өндірістік жартылай фабрикаттар, |

бөлімше бойынша барлығы
910 өзіндік өндірістің жартылай фабрикаттар
911 Материалдар
912 өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы
913 Еңбекақыдан бөлінетін аударымдар
914 Құжаттық шығындар
92 Қосалқы өндіріс, бөлімше бойынша барлығы
920 Қосалқы өндіріс
921 Материалдар
922 өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы
923 Еңбекақыдан бөлінетін аударымдар
924 Құжаттық шығындар
93 Құжаттық шығындар, бөлімше бойынша барлығы
930 Құжаттық шығындар
931 Материалдар
932 өндіріс жұмысшыларының еңбек ақысы
933 Еңбекақыдан бөлінетін аударымдар
934 Негізгі қорларды жөндеу
935 Негізгі қорлардың және материалдық емес активтердің амортизация. сының тозуы
936 Коммуналдық қызметтер
937 Арендалық ақы
938 өзгелер

---

Баланс валютасы

---

---

Шоттың| Шоттың атауы | Есепті | Есепті | Келесі

коды |                                    | кезеңнің    | кезең   | кезеңнің
|                                    |басталу күні| үшін    |  басталу
|                                    |             |         |   күні
|                                    |____________|айналым.|__________
|                                    |  сальдо     |  дар    |  сальдо

---

|  Д-т | К-т |Д-т |К-т| Д-т | К-т

---

10 бөлім. БАЛАНСТАН ТЫС ШОТТАР

---

анықтамалық *

---

жолдың| Атауы |Басындағы|Шектеулі|Алынды|Соңындағы
N | | сальдо | | | сальдо

---

А Иеленуді салық органдары шектеген мүлік, барлығы
оның ішінде:
1 Негізгі қорлар, баланстық құны бойынша барлығы
1.2 Жер
1.3 Ғимараттар мен құрылыс-жайлары
1.4 Машиналар мен жабдықтар, қосалқы тетіктер
1.5 Көлік құралдары
1.6 өзге де негізгі құралдар
1.7 Аяқталмаған құрылыс
2 Инвестициялар, 14-бөлімше бойынша барлығы
3 Материалдар, 20-бөлімше бойынша барлығы
4 Аяқталмаған өндіріс, 21-бөлімше бойынша барлығы
5 Тауарлар, 22-бөлімше бойынша барлығы

6 Қаржылық инвестициялар, 40-бөлімше бойынша барлығы
7 өзгелер

---

---

жолдың| Атауы |Басындағы|Ұсынылды|Қайта.|Соңындағы
N | | сальдо | |рылды | сальдо

---

Б Банктік шоттарға қойылған инкассолық өкімдер (түрлі негізде. мелер бойынша), барлығы
оның ішінде:
1 Ел ішіндегі валюталық шоттағы ақшалар (431-шот)
2 Шетелдегі валюталық шоттағы ақшалар (432-шот)
3 Есеп айырысу шотындағы ақшалар (441-шот)
4 Кассадағы Ұлттық валюта. дамен қолға берілетін ақшалар (451-шот)
5 Кассадағы шетелдік валютамен қолға берілетін ақшалар (452-шот)

---

---

В Кредиторлардың талаптары | Сома
бойынша алынған мүлік, |
барлығы |

---

1 Баланстық құн бойынша негізгі қорлар, барлығы
1.2 Жер
1.3 Ғимараттар мен құрылыс-жайлары
1.4 Машиналар мен жабдықтар, қосалқы тетіктер

1.5 Көлік құралдары
1.6 өзге де негізгі құралдар
1.7 Аяқталмаған құрылыс
2 Инвестициялар, 14-бөлімше бойынша барлығы
3 Материалдар, 20-бөлімше бойынша барлығы
4 Аяқталмаған өндіріс, 21-бөлімше бойынша барлығы
5 Тауарлар, 22-бөлімше бойынша барлығы
6 Қаржылық инвестициялар, 40-бөлімше бойынша барлығы
7 өзгелер

---

*Басшы* ________________________________________________
*қолы* * *
*Бас бухгалтер* ________________________________________________
*қолы* * *
________________________________________________
*Орындаушының аты-жөні мен телефон*

* Міндетті түрде толтырылады, егер шектеулер болмаса - нөлдер қойылады
** Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша
3-нысан

**Кірістер мен шығыстар туралы есеп**

Заңды тұлғаның атауы
20____жылғы 01______ бастап ____ 20_жылғы 01_______ қоса алғандағы кезең
мың теңге

---

N | Көрсеткіштердің атауы | Өткен | Есепті | Есепті
| | кезең үшін |кезеңге | кезең

| | | |арналған| үшін
| | | жоспар |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын кіріс | | | |
| 2 | Сатылған дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны | | | |
| 3 | Жалпы кіріс (1-бет - 2-бет) | | | |
| 4 | Кезеңнің шығыстары, оның ішінде | | | |
| 4.1. | жалпы және әкімшілік шығыстар | | | |
| 4.2. | Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге байланысты шығыстар | | | |
| 4.3. | сыйақылар түріндегі шығыстар | | | |
| 5 | Негізгі қызметтен алынатын кіріс (шығын) (3-бет - 4-бет) | | | |
| 6 | Негізгі емес қызметтен алынатын кіріс (шығын) | | | |
| 7 | Салық салуға дейінгі кәдімгі қызметтен алынатын кіріс (шығын) (5-бет + 6-бет) | | | |
| 8 | Корпоративтік табыс салығы | | | |
| 9 | Салық салынғаннан кейінгі кәдімгі қызметтен алынатын кіріс (шығын) (7-бет - 8-бет) | | | |
| 10 | Төтенше жағдайларға және тоқтатылған операцияларға байланысты кіріс (шығын) | | | |
| 11 | ТАЗА ТАБЫС (ШЫҒЫН) (9-бет +(-) 10-бет) | | | |

*Басшы* _____________________________
*қолы* *

*Бас бухгалтер* _____________________________

*қолы* *

*____________________________*

*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа

4-қосымша

4-нысан

**Ақшаның қозғалысы туралы есеп**

Заңды тұлғаның атауы

____жылғы 01______ бастап ____ жылғы 01_______ қоса алғандағы кезең үшін

мың теңге

| N | Көрсеткіштердің атауы | Өткен кезең үшін | Есепті кезеңге арналған жоспар | Есепті кезең үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | I. Операциялық қызметтен болатын ақшаның қозғалысы | | | |
| | 1. Ақшаның түсуі | | | |
| | өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын кіріс | | | |
| | алынған авансатар | | | |
| | сыйақылар | | | |
| | дивидендтер | | | |
| | роялти | | | |
| | өзге де түсімдер | | | |
| | 2. Ақшаның шығуы | | | |
| | берушілер мен мердігерлердің шоттары бойынша берілген авансатар | | | |

жалақы бойынша
әлеуметтік сақтандыру және
зейнетақымен қамсыздандыру
қорларына
салықтар бойынша
сыйақыларды төлеу
өзге де төлемдер
3. Операциялық қызметтің
нәтижесінде ақшалай қаражаттың
көбеюі (+) / азаюы (-)
II. Инвестициялық қызметтен
болатын ақшалай қаражаттың
қозғалысы
1. Ақшаның түсуі
материалдық емес активтерді
сатудан алынатын кіріс
негізгі қаражатты сатудан
алынатын кіріс
басқа ұзақ мерзімді
активтерді сатудан алынатын
кіріс
инвестицияларды, қаржылық
инвестицияларды сатудан
алынатын кіріс
басқа заңды тұлғалар берген
несиелерді алудан кіріс
өзге де түсімдер
2. Ақшаның шығуы
материалдық емес активтерді
сатып алу
негізгі қаражатты сатып алу
басқа ұзақ мерзімді
активтерді сатып алу
инвестицияларды, қаржылық
инвестицияларды сатып алу
басқа заңды тұлғаларға
қарыздарды ұсыну
өзге де төлемдер
3. Инвестициялық қызметтің

нәтижесінде ақшаның көбеюі (+) / азаюы (-)

III. Қаржылық қызметтен болатын ақшаның қозғалысы

1. Ақшаның түсуі

акциялар мен басқа бағалы қағаздар шығарудан алынатын

банктік қарыздар алу

өзге де түсімдер

2. Ақшаның шығуы

банктік қарыздарды өтеу

меншікті акцияларды сатып алу

дивидендтер төлеу

өзге де төлемдер

3. Қаржылық қызметтің нәтижесінде ақшаның көбеюі (+) / азаюы (-)

БАРЛЫҒЫ: Ақшаның өсуі (+)/ азаюы (-)

Есепті кезеңнің басындағы ақша

Есепті кезеңнің соңындағы ақша

---

Басшы ______________________________

*қолы* *

*Бас бухгалтер* ______________________________

*қолы* *

______________________________

*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа

5-қосымша

5-нысан

**Кезең шығыстарының құрамы туралы есеп**

Заңды тұлғаның атауы
20____ жылғы 01_____ бастап 20 ____ жылғы 01_____ қоса алғандағы кезең
мың теңге

| N | Көрсеткіштердің атауы | Өткен кезең үшін | Есепті кезеңге арналған жоспар | Есепті кезең үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | Барлығы | | | |
| 1 | Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы | | | |
| 1.1 | Материалдар | | | |
| 1.2 | Жұмысшылардың еңбек ақысы | | | |
| 1.3 | Еңбекақыдан бөлінетін аударымдар | | | |
| 1.4 | Негізгі қорлардың және материалдық емес активтердің амортизациясының тозуы | | | |
| 1.5 | Негізгі қорлар мен материалдық емес активтерге қызмет көрсету және жөндеу | | | |
| 1.6 | Коммуналдық шығыстары | | | |
| 1.7. | Іссапар шығыстары, барлығы | | | |
| 1.7.1 | белгіленген нормалардың шеңберінде | | | |
| 1.7.2 | нормалардан тыс | | | |
| 1.8 | өкілдік шығыстар | | | |
| 1.9. | Қызметкерлердің біліктілігін арттыру шығыстары | | | |
| 1.10. | Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар | | | |
| 1.11. | Салық бойынша шығыстар | | | |
| 1.12. | Кеңсе және баспахана шығыстары | | | |
| 1.13 | Байланыс қызметтері | | | |
| 1.14. | Күзет шығыстары | | | |
| 1.15. | Консультациялық (аудиторлық) және ақпараттық қызметтер | | | |

1.16. Банк қызметтері
1.17. Сақтандыруға арналған шығыстар
1.18. Сот шығындары
1.19. Шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімақылар мен тұрақсыздық төлемдер
1.20. Табысты жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімақылар
1.21. ТМҚ-ды ұрлау, нормативтен тыс шығындар, бүлінуі, ұрлануына байланысты шығындар
1.22. Аренда шығыстары
1.23. Әлеуметтік салаға арналған шығыстар
1.24. Күдікті борыштар жөніндегі резервтерді құру бойынша шығыстар
1.25. Мерекелік, мәдени және спорттық іс-шараларды өткізуге арналған
1.26. Қайырымдылық көмек
1.27. өзге де шығыстар
2 Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге байланысты шығыстар, барлығы оның ішінде
2.1. Материалдар
2.2. Жұмысшылардың еңбек ақысы
2.3. Еңбек жалақыларынан аударымдар
2.4. Негізгі қорлардың және материалдық емес активтердің амортизациясының тозуы
2.5 Негізгі қорлар мен материалдық емес активтерді жөндеу және қызмет көрсету
2.6. Коммуналдық шығыстары
2.7. Іссапар шығыстары, барлығы
2.7.1. белгіленген нормалардың

шеңберінде
2.7.2. нормалардан тыс
2.8. Тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстар
2.9. Маркентингтік және жарнамаға арналған шығыстар
2.10. Аренда шығыстары
2.11. Әлеуметтік салаға арналған шығыстар
2.12. өзге де шығыстар
3 Сыйақылар түріндегі шығыстар, барлығы
3.1 Банктердің қарыздары бойынша сыйақыларға (пайыздарға) байланысты шығыстар
3.2 Жеткізушілердің қарыздары бойынша сыйақыларға (пайыздарға) байланысты шығыстар
3.3 Арендаға байланысты сыйақылар (пайыздарға) бойынша шығыстар
3.4 өзге де шығыстар

---

*Басшы* ______________________________ *қолы* *

*Бас бухгалтер* ______________________________ *қолы* *

______________________________
*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа

6-қосымша

6-нысан

**Еңбек жөніндегі есеп**

Заңды тұлғаның атауы

____ жылғы 01_____ бастап ____ жылғы 01_____ қоса алғандағы кезең үшін

1. Қызметкерлердің саны және жалақы қоры

| N | Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірлігі | Өткен кезең үшін | Есепті кезең үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 001 | Есепті кезең үшін қызметкерлердің нақты саны | адам | | |
| 001.1. | әкімшілік басқарушылық қызметкердің | адам | | |
| 002 | Жалақы қоры - барлығы | мың теңге | | * |
| 002.1. | әкімшілік басқарушылық қызметкердің | мың теңге | | * |
| 3 | Орташа айлық жалақы | теңге | | * |
| 003.1 | әкімшілік басқарушылық қызметкердің | теңге | | * |
| 4 | Барлық қызметкерлердің іс жүзінде жасаған адам-сағаттары | адам-сағат | | * |
| 004.1 | әкімшілік басқарушылық қызметкердің | адам-сағат | | * |

2. Еңбекке ақы төлеу

| N | Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | Өткен кезең үшін | Есепті кезең үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 001 | Есепті кезең үшін басындағы жалақы бойынша берешек | мың теңге | | * |
| 002 | Есепті кезең үшін есептелгені | мың теңге | | * |
| 003 | Ұсталғаны, барлығы: | мың теңге | | * |
| | оның ішінде: | | | |
| 004 | зейнетақы жарналары (10%) | мың теңге | | * |
| 005 | жеке табыс салығы | мың теңге | | * |
| 006 | өзгелер | мың теңге | | * |

007 Есепті кезең үшін төленгені, барлығы мың теңге *

оның ішінде:

008 ақшамен мың теңге *

009 тауарлармен, қызметтермен мың теңге *

010 Есепті күнге сальдо (қалдық) мың теңге *

___

*Басшы* ________________________________

*қолы* *

*Бас бухгалтер* ________________________________

*қолы* *

________________________________

*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Бір ондық таңбамен

** Қолдар мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа
7-қосымша

7-нысан

**Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіру мен сату туралы есеп**

Заңды тұлғаның атауы ________________________________

____ жылғы 01 _____ бастап ____ жылғы 01 _____ қоса алғандағы кезең үшін

| N | Көрсеткіштердің атауы | Есепті кезеңге арналған жоспар | | Шын мәнінде есепті кезең үшін | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саны | мың теңге | мөлшері | мың теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Дайын өнімнің (тауар. лардың, жұмыстар мен | | | | |

қызметтердің) өндіріл.
гені (өлшем бірлігі,
мың) x x
1.1
1.2
1.3
1.4
1.5
1.6 Өзгелер x x
2 Дайын өнімнің (тауар.
лардың, жұмыстар мен
қызметтердің) сатыл.
ғаны (өлшем бірлігі,
мың) x x
2.1
2.2
2.3
2.4
2.5
2.6 Өзгелер x x

---

таблицаның жалғасы

---

Шын мәнінде

---

N |алдыңғы жылдың ұқсас| есепті жылдың
|кезеңі (жыл басынан |басынан бастағандағы
|бері өспелі | кезең үшін
|қорытындымен) үшін |

---

| саны | мың теңге | саны | мың теңге

---

7 8 9 10

---

1 x x
1.1
1.2
1.3
1.4

1 . 5
1.6 x x
2 x x
2 . 1
2 . 2
2 . 3
2 . 4
2 . 5
2 . 6 x x

---

*Басшы* ______________________________
*қолы* *

*Бас бухгалтер* ______________________________
*қолы* *

______________________________
*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2003 жылғы 2 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа
8-қосымша

8-нысан

**Бөлінбеген кіріс қозғалысы туралы есеп (жабылмаған зиян)**

Заңды тұлғаның атауы
____ жылғы 01___ бастап __ жылғы 01___ қоса алғандағы кезең

| N | Көрсеткіштердің атауы | Өткен кезең үшін | Есепті кезең үшін |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жылдың басындағы сальдо (562-шоттан жыл басына ауыстырылады) | | |
| 2 | Есепті кезең үшін алынған таза табыс (шығын) | | |

3 Бөлінбеген кірісті басқа да арттырулар, барлығы оның ішінде:
3.1
3.2
3.3
3.4
3.5
3.6
3.7
3.8
3.9
3.10
4 Жиыны (2 және 3-жолдардың сомасы)
5 ____ бастап _____ қоса алғандағы кезең үшін қызметтер қорытындылары бойынша дивидендтердің есептелгені
6 Бөлінбеген кірісті басқа да азайтулар, барлығы оның ішінде:
6.1
6.2
6.3
6.4
6.5
7 Жиыны (5 және 6-жолдардың сомасы)
8 Жыл соңындағы сальдо (1-бет+4-бет - 7-бет)
Белгіленген сома жыл соңындағы 561 және 562-шоттардың сомасымен сәйкес келуі тиіс

---

*Басшы* ______________________________

*қолы* *

*Бас бухгалтер* ______________________________

қолы *

________________________________
*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2003 жылғы 02 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілген
Қаржылық ақпарат нысандарын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа

9-қосымша

9-нысан

**Қаржылық ақпарат нысандарына түсіндірме жазба**

________________________________
заңды тұлғаның атауы

________________________________
кезең

| N | Түсіндірме жазбада ашып көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі | Ақпарат |
|---|---|---|
| 1. | Ұйымды құру туралы нормативтік-құқықтық актінің нөмірі мен күні, ұйым қызметінің түрі, қызметтің белгілі түрлерімен айналысуға арналған лицензиялардың тізбесі, есепті кезеңнің қаржылық ақпарат мазмұнының өзгеруіне ықпал еткен іс-шаралар | |
| 2. | Есеп кезеңінде болған есеп саясатындағы өзгеріс және ұйымның қаржы-шаруашылық қызметіндегі операциялар көрінісіне ықпалы | |
| 3. | Ұйымның есеп саясатына сәйкес негізгі құралдарының өтелімін есептеу әдістері | |
| 4. | Негізгі құралдардың қозғалысы, негізгі құралдардың түрлері мен шығу құны (ішкі ауыстырылуды есепке алмастан) жөніндегі ақпарат | |

5. Ұзақ мерзімге жалға алынатын негізгі құрал-жабдықтар туралы ақпарат
6. Құрылыс түрін, құрылыстың басталу күнін, жобалық құнын, әзір екендегінің пайызы, салынған ақша сомасын және пайдалануға енгізілетін жоспарлы күнді көрсете отырып, аяқталмаған құрылысты таратып жазу
7. Инвестициялар қозғалысы (14-тармақша) мен еншілес, тәуелді ұйымдар, қатысу үлесі көрсетіле отырып бірлесіп-бақыланбалы заңды тұлғалардың тізбесі жөніндегі ақпарат
8. Жылжымайтын мүлікке инвестициялар туралы мәлімет
9. Ұйымның есеп саясатына сәйкес тауар-материалдық қорларын бағалау әдісі
10. Негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тауар-материалдық қорларды іске асырудың таза құнына дейін елеулі шығынға жазу себептерін таратып жазу
11. Пайда болу және өтеу күнін, шарт мәні мен берешек сомасы көрсетіле отырып негізгі дебиторлар бойынша таратып жазу
12. Күмәнді талаптар бойынша резервті есептеу және ұйымның есеп саясатына сәйкес келуі
13. Ұйымның есеп саясатына сәйкес қаржылық инвестицияларды есептеу әдістері (40 бөлімше)
14. Қаржылық инвестициялар тізбесін, өтеу мерзімін, қаржылық инвестициялар бойынша төлемақы пайыздарын келтіре отырып қаржылық инвестициялардың қозғалысы туралы ақпарат
15. Меншік капиталы қозғалысын ашып көрсету
16. Қаражаттардың пайыз ставкалары, пайда

болу кезеңдері мен қаражаттарды қарызға алу мақсаттары мен заем шарттарынан туындайтын басқа да ерекшеліктер жөніндегі мәліметтерді келтіре отырып заемдарды таратып жазу

17. Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша есеп айырысулар туралы ақпарат

18. Пайда болу және өтеу күнін, шарт мәні мен берешек сомасы көрсетіле отырып негізгі кредиторлар бойынша таратып жазу

19. 727 "Негізгі емес қызметтер өзге де кірістер" шоты мен 845 "Негізгі емес қызметтен өзге де шығыстар" шотын таратып жазу

20. Өзге де жалпы және әкімшілік шығыстарды таратып жазу

21. Өткен кезеңдердің қаржы есебін жасау кезінде жіберілген қателіктерді түзету сомасын ашып көрсету, елеулі қателіктерді түзету әдісі

22. 3, 4 және 5-нысандармен көзделген жоспарлы көрсеткіштердің орындалмау себептерін ашық көрсету

23. Өзге де мәліметтер (өткен кезеңмен салыстырғанда айналым балансының жекелеген қаржылық көрсеткіштерінің едәуір артқан жағдайда, себептері түсіндірме жазбада ашып көрсетілуі тиіс) *

---

- өткен тармақтарда осы ақпарат ашып көрсетілмеген жағдайда толтырылады

*Басшы* ________________________________

*қолы* *

*Бас бухгалтер* _______________________________

*қолы* *

_________________________________

*Орындаушының аты-жөні мен телефон N*

* Қолдары мөртаңбамен бекітіледі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2003 жылғы 02 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілді

## Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне талдау жүргізу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .
Ескерту: 9-тармақты қоспағанда Ереженің барлық мәтіні бойынша "Ереже" деген сөз "Нұсқаулық" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізудің егжей-тегжейін анықтайды.
Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .
2. Талдау жүргізу үшін өзіне мыналарды қамтитын қаржылық ақпараттың мынадай нысандары ақпараттық дереккор болып табылады:
1) Айналым балансы;
2) Кірістер мен шығыстар туралы есеп;
3) Ақшаның қозғалысы туралы есеп;
4) Кезең шығыстарының құрамы туралы есеп;
5) Еңбек жөніндегі есеп;
6) Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіру туралы есеп;
7) Бөлінбеген кіріс қозғалысы туралы есеп (жабылмаған зиян);
8) Қаржылық ақпарат нысандарына түсіндірме жазба.
3. Көрсеткіштерді есептеу Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметтері тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі - Нұсқаулық) берілген.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .
4. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметіне талдау мынадай тізбектілікте жүргізіледі:
1) Активтерді қалыптастыру көздерін талдау:
өзіндік капитал;

кірістер мен шығыстар;
міндеттемелер.
2) Активтердің құрылымын талдау:
айналымнан тыс активтер;
ағымдағы активтер.
3) Еңбек және жалақыны талдау.

## 2. Активтерді қалыптастыру көздерін талдау

5. Активтердің құрамы мен қалыптастыру көздері құрылымының серпінін талдау олардың абсолюттік және салыстырмалы өсуінің немесе азаюының мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді, белгілі бір күнге активтерді қалыптастыру көздерінің бар-жоғын және белгілі бір мерзім ішінде олардың серпінінің өзгеруін қарап отыруға мүмкіндік береді.

6. Кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігі активтердің қалыптастыру көздеріндегі өзіндік капиталдың үлесіне тәуелді. Сондықтан, активтерді қалыптастыру көздері шектеледі және мемлекеттік кәсіпорын активтерінің қай бөлігі өзіндік капиталдың есебінен, қайсысы - міндеттемелер есебінен қалыптастырылатыны анықталады.

Тәуелсіздік коэффициенті мемлекеттік кәсіпорындар активтерінің қалыптастыру көздерінің жалпы көлеміндегі өзіндік капиталдың үлесін сипаттайды.

Талдау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:
1) Баланстың валютасы (Нұсқаулықтың 2-тармағы);
2) Өзіндік капитал (Нұсқаулықтың 3-тармағы);
3) Өзіндік айналым капиталы (Нұсқаулықтың 22-тармағы);
4) Қаржыландыру коэффициенті (Нұсқаулықтың 23-тармағы);
5) Тәуелсіздік коэффициенті (Нұсқаулықтың 24-тармағы).

7. Өзіндік капитал мөлшерінің өзгеруіне кірістер мен шығыстардың айырмасы ретінде есептелетін ағымдағы қызметтің қаржылық нәтижесі әсерін тигізеді.

Шығыстар негізгі қызмет бойынша шығыстар, кезеңнің шығыстары және негізгі қызмет бойынша шығыстар сияқты абсолюттік көрсеткіштерден қалыптастырылады.

Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын табыстылық пен пайдалылық коэффициенттері мемлекеттік кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау мен бағалаудың элементтері болып табылады.

Талдау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:
1) Кірістер (Нұсқаулықтың 5-тармағы);

2) Негізгі қызметтен алынатын кіріс (Нұсқаулықтың 6-тармағы);
3) Негізгі емес қызметтен алынатын кірістер (Нұсқаулықтың 7-тармағы);
4) Шығыстар (Нұсқаулықтың 8-тармағы);
5) Сатылған дайын өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны (Нұсқаулықтың 9-тармағы);
6) Кезеңнің шығыстары (Нұсқаулықтың 10-тармағы);
7) Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар (Нұсқаулықтың 11-тармағы);
8) Таза табыс (Нұсқаулықтың 12-тармағы);
9) Ағымдағы қызметтің пайдалылығы (Нұсқаулықтың 13-тармағы);
10) Негізгі қызметтің пайдалылығы (Нұсқаулықтың 14-тармағы);
11) Негізгі емес қызметтің пайдалылығы (Нұсқаулықтың 15-тармағы);
12) Активтердің табыстылығы (Нұсқаулықтың 16-тармағы);
13) Өзіндік капиталдың табыстылығы (Нұсқаулықтың 18-тармағы);
14) Жарғылық капиталдың табыстылығы (Нұсқаулықтың 19-тармағы).

8. Кәсіпорын кірістері мен шығыстарының нақты және жоспарлы көрсеткіштерін салыстырмалы талдау кәсіпорын кірістері мен шығыстарының жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылау үшін жүзеге асырылады. Талдау процесінде нақты және жоспарлы көрсеткіштердің арасындағы абсолюттік және салыстырмалы ауытқулар анықталады, осындай ауытқулардың себептері қарастырылады.

9. Таза табысты пайдалануды талдауда таза табыс сомаларын республикалық бюджетке аударуға, резервтік капиталды (толықтыруға) қалыптастыруға, өндірісті және өзге де бағыттарды дамытуға бөлу, сондай-ақ олардың "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1297 қаулысымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтерін белгілеу, келісу және бекіту Ережесінің негізінде белгіленетін бөлу нормативтеріне сәйкестігі көрсетіледі.

10. Активтері қалыптастырудың құрамдас бөліктерінің бірі кәсіпорынның міндеттемелері немесе қарыз қаражаттары болып табылады. Несиегерлер тарапынан мемлекеттік кәсіпорын алатын коммерциялық несиенің ұлғаюын немесе азаюын міндеттемелердің айналымдылық коэффициенті және олардың айналым мерзімі сияқты көрсеткіштер ашып көрсетеді.

Талдау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:
1) Міндеттемелер (Нұсқаулықтың 4-тармағы);
2) Қарыздар (Нұсқаулықтың 25-тармағы);
3) Бюджетпен есептесу (Нұсқаулықтың 27-тармағы);
4) Еншілес (тәуелді) ұйымдарға кредиторлық борыш (Нұсқаулықтың 28-

тармағы);

5) Алынған аванстар және жеткізушілер мен мердігерлермен есеп айырысу (Нұсқаулықтың 29-тармағы);

6) Өзге кредиторлық берешек пен аударымдар (Нұсқаулықтың 30-тармағы);

7) Жалақы жөніндегі берешек (Нұсқаулықтың 31-тармағы);

8) Міндеттемелердің айналымдылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 32-тармағы);

9) Міндеттемелердің айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 33-тармағы).

## 3. Активтерді талдау

11. Активтердің құрамы мен құрылымының серпінін талдауда айналымнан тыс активтердің, оның ішінде материалдық емес активтердің, негізгі қаражат пен инвестициялардың ағымдағы жай-күйі мен серпіні бөлек қарастырылады. Бұдан басқа тозу коэффициентімен сипатталатын негізгі қаражаттардың техникалық жағдайы анықталады.

Мемлекеттік кәсіпорын мүлкі құнының ұлғаюының себептерін талдай отырып, олардың есебінен арту болған көздер, сондай-ақ инфляцияның әсері анықталады.

Активтерді әртараптандыру мүмкіндігі жөніндегі ақпаратты білу үшін мемлекеттік кәсіпорын активтерінің қай бөлігі айналымнан тыс активтерде шоғырланғанын көрсететін оңтайлылық коэффициенті есептеледі.

Талдау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:

1) Айналымнан тыс активтер (Нұсқаулықтың 36-тармағы);

2) Материалдық емес активтер (Нұсқаулықтың 37-тармағы);

3) Негізгі қаражаттар (Нұсқаулықтың 38-тармағы);

4) Негізгі қаражаттардың тозу коэффициенті (Нұсқаулықтың 39-тармағы);

5) Активтердің айналымдылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 34-тармағы);

6) Активтердің айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 35-тармағы);

7) Қайтарым қоры (Нұсқаулықтың 17-тармағы);

8) Инвестициялар (Нұсқаулықтың 40-тармағы);

9) Жарғылық капиталдың активтермен қамтамасыз етілуі (Нұсқаулықтың 41-тармағы);

10) Оңтайлылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 42-тармағы).

12. Ағымдағы активтерді талдау кезінде тауар-материалдық қорлардың, дебиторлық берешектің, қаржылық инвестициялардың және ақшаның құрамы мен құрылымы қарастырылады. Активтердің қозғалысы мен өндірістің кезеңділігі туралы ақпаратты ашып көрсету үшін міндеттемелердің айналымдылық коэффициенті және олардың айналым мерзімі сияқты

көрсеткіштер қолданылады. Кәсіпорынның төлеуге қабілетсіздігі қаупінің деңгейі тауар-материалдық қорлардың, дебиторлық берешек пен ақшаны келешек кезеңдегі кірістер мен шығыстар сомасын ескерместен міндеттемелер сомасына бөлу жолымен есеп айырысатын өтімділік коэффициентімен анықталады.

Талдау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:

1) Тауарлық-материалдық қорлар (Нұсқаулықтың 43-тармағы);

2) Материалдардың айналымдылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 54-тармағы);

3) Материалдардың айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 45-тармағы);

4) Аяқталмаған өндірістің айналымдылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 46-тармағы);

5) Аяқталмаған өндірістің айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 47-тармағы);

6) Дайын өнімнің айналымдылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 48-тармағы);

7) Дайын өнімнің айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 49-тармағы);

8) Тауарлардың айналымдылық коэффициенті (Нұсқаулықтың 50-тармағы);

9) Тауарлардың айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 51-тармағы);

10) Дебиторлық берешек және басқа да активтер (Нұсқаулықтың 52-тармағы);

11) Қаржылық инвестициялар және ақша (Нұсқаулықтың 53-тармағы);

12) Ақша түсімі (Нұсқаулықтың 54-тармағы);

13) Өтімділік коэффиценті (Нұсқаулықтың 55-тармағы);

14) Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффиценті (Нұсқаулықтың 56-тармағы);

15) Дебиторлық берешектің айналым мерзімі (Нұсқаулықтың 57-тармағы).

## 4. Еңбек пен жалақыны талдау

13. Еңбек пен жалақыны талдау барлық қызметкерлердің адам-сағаттарды нақты қалай істегені және жалақы қоры сияқты көрсеткіштер кешенімен бірге қарастырылуы тиіс қызметкерлер санының серпінін қарауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, жалақы бойынша берешектерді есептеу және өтеудің серпіні, оның ішінде: өтеудің ақша, тауар, жұмыстар мен қызметтер сияқты түрлері қарастырылып, талданады.

Еңбек пен жалақыны талдау үшін мынадай көрсеткіштер қолданылады:

1) Қызметкерлердің саны (Нұсқаулықтың 58-тармағы);

2) Орташа айлық жалақы (Нұсқаулықтың 59-тармағы);

3) Барлық қызметкерлердің іс жүзінде істеген адам-сағаттары (Нұсқаулықтың

60-тармағы);

4) Бір қызметкердің іс жүзінде істеген адам-сағаты (Нұсқаулықтың 61-тармағы);

5) Еңбек өнімділігі (Нұсқаулықтың 62-тармағы).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2003 жылғы 02 сәуірдегі
N 135 бұйрығымен бекітілді

## Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі нұсқаулық

Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .

## 1. Жалпы ережелер

Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды арттыру мақсатында әзірленді және жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтайды.

Ескерту: 1-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .

## 2. Орташа мәнді есептеу

Орташа мән (ОМ) - шоттар (бөлімшелер, бөлімдер) бойынша қалдық мәндерінің сомасын бөлуден алынған айналым балансын осы мәндердің санына бөлуден алынған бөлінді ретінде есептеледі:

$$\bar{X} = \frac{\sum_{i=1}^{n} X_i}{n}$$

(Е(интеграл) — түпнұсқада)

Мұндағы: $\bar{x}$ - орташа мән;

$X_i$ - Шоттардың үлгі жоспарының шоттар (бөлімшелер, бөлімдер) бойынша талданатын қалдықтарының мәні;
n - талданатын мәндердің саны.

## 3. Шартты белгілер

1. Осы нұсқаулықта мынадай белгілер пайдаланылады:
1) Е(интеграл)КтСальдо(...) - көрсетілген айналым балансы шоттарының, бөлімшелерінің, бөлімдерінің кредит сальдоларының сомасы;
2) Е(интеграл)ДтСальдо(...) - көрсетілген айналым балансы шоттарының, бөлімшелерінің, бөлімдерінің дебет сальдоларының сомасы;
3) Е(интеграл)КтАйн(...) - көрсетілген айналым балансы шоттарының, бөлімшелерінің, бөлімдерінің кредит айналымдарының сомасы;
4) Е(интеграл)ДтАйн(...) - көрсетілген айналым балансы шоттарының, бөлімшелерінің, бөлімдерінің дебет айналымдарының сомасы;
5) Е(интеграл)ДБөлІп1(...) - Ақшаның қозғалысы туралы есептің бөлімдері мен тармақтары бойынша көрсетілетін ақша қозғалысының сомасы;
6) Е(интеграл)ЕңбекР2жол001(...) - Еңбек жөніндегі есептің бөлімдерінің жолдары бойынша көрсетілетін ақша сомасы;
7) НомСтоим - акцияның атаулы құны.
Ескерту: 3-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 348 бұйрығымен .

## 4. Негізгі көрсеткіштер

2. Активтерді қалыптастыру көздері - баланс валютасы (БВ), мың теңге - жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалардың (бұдан әрі - заңды тұлға) активтерін қалыптастыру қандай көздер есебінен жүзеге асырылатынын көрсетеді. Осы көрсеткіштің серпіні заңды тұлға қызметінің негізгі беталыстарын сипаттайды. Осы көрсеткіштің төмендеуі іскерлік белсенділігінің төмендеуін сипаттайды. Мына формула бойынша есептеледі:

БВ = МК + М

3. Өзіндік капитал (МК), мың теңге - міндеттемелерді шегергеннен кейінгі активтері. Мына формула бойынша есептеледі:
СК = Е(интеграл) Дт(1, 2, 3, 4)Бөлім Сальдосы - Е(интеграл)КтСальдоПР(11, 13, 31) - Е(интеграл)Кт6БөлімСальдосы
4. Міндеттемелер (М), мың теңге - өткен операциялар немесе уақиғалар нәтижесінде туындаған және жеке тұлға немесе ұйымдардың пайдасына нақты

іс-қимылдарды жасауға құн бағалауы бар, мүлікті беруге, жұмысты атқаруға, ақшаны төлеуге және басқа да не олардың өтелуі активтердің азаюына алып келетін нақты әрекеттерден қалыс қалатын міндеттер. Мына формула бойынша есептеледі:

М = Е(интеграл)Кт6БөлімСальдосы

5. Кірістер, барлығы (К), мың теңге - есепті кезең ішінде активтерді немесе олардың құнын арттыру нысанында экономикалық пайданы арттыру не меншік иесінің салымдарымен байланысы жоқ меншік капиталының артуына алып келетін міндеттердің азаюы. Мына формула бойынша есептеледі:

К = НҚК + НЕҚК + Е(интеграл)ктАйнШ (862, 863, 864, 871)

6. Негізгі қызметтен алынатын кіріс (НҚК), мың теңге - негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты есепті кезеңнің кірістері. Мына формула бойынша есептеледі:

НҚК = Е(интеграл)КтАйнПР70 - Е(интеграл)дтАйнПР71

7. Негізгі емес қызметтен алынатын кірістер (НЕҚК), мың теңге - негізгі қызметті жүзеге асыруға байланысты емес есепті кезеңнің кірістері. Мына формула бойынша есептеледі:

НЕҚК = Е(интеграл)КтАйнПР72

8. Шығыстар, барлығы (Ш), мың теңге - есепті кезең ішінде активтердің немесе олардың құнының азаюы нысанында экономикалық пайданың азаюы не меншік иелері арасындағы оны бөлумен байланысы жоқ меншік капиталының азаюына әкелетін міндеттемелердің өсуі мына формула бойынша есептеледі:

Ш = Е(интеграл) ДтАйнШ8

9. Сатылған дайын өнімдердің (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны (Өқн), мың теңге - негізгі қызметті жүзеге асыруға байланысты есепті кезеңнің шығыстары. Мына формула бойынша есептеледі:

Өқн = Е(интеграл)ДтАйнПР80

10. Кезеңнің шығыстары (КШ), мың теңге - өндірісті (жұмыстарды, қызметтерді) басқаруға және ұйымдастыруға байланысты есепті кезеңнің шығыстары мына формула бойынша есептеледі:

КШ = Е(интеграл)ДтАйнПР(81, 82, 83)

11. Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар (НЕҚШ), мың теңге - негізгі қызметті жүзеге асыруға байланысты емес есепті кезеңнің шығыстары. Мына формула бойынша есептеледі:

НЕҚШ = Е(интеграл)ДтАйнПР84

12. Таза табыс (ТТ), мың теңге, - кірістер мен шығыстар арасындағы айырмашылықты көрсететін қаржы көрсеткіші. Мына формула бойынша есептеледі:

ТТ = К-Ш

13. Ағымдағы қызметтің пайдалылығы (АҚпайд), % - ағымдағы қызметтен алынған кірістің қаншасы оны алуға байланысты 1 теңгелік шығыстарға келетінін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

Т Т
Ақпайд = ---- *100
Ш

14. Негізгі қызметтің пайдалылығы (НҚпайд), % - негізгі қызметтен алынған жалпы кірістің қаншасы оны алуға байланысты 1 теңгелік шығыстарға келетінін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

Н Қ К - Ө қ н
НҚпайд = -------- *100
Өқн

15. Негізгі емес қызметтің пайдалылығы (НЕҚпайд), % - негізгі емес қызметтен алынған кірістің қаншасы оны алуға байланысты 1 теңгелік шығындарға келетінін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

Н Е Қ К - Н Е Қ Ш
НЕҚпайд = -----------*100
НЕҚШ

16. Активтердің табыстылығы (ROA), % - заңды тұлға активтерінің қаншалықты тиімді пайдаланылатынын (БВ), яғни заңды тұлғаның активтеріне салынған тиынның әрқайсысы таза пайданың қанша мөлшерін әкелетінін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

Т Т
R O A = ------
БВ

17. Қайтарым қоры (ҚҚ) - негізгі қаражаттарды пайдаланудың тиімділігін сипаттайды. Табыстың есепті кезеңге жер (ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші болып табылмайтын заңды тұлғалар үшін) мен бітпеген құрылысты шегерумен негізгі қаражаттың бастапқы құнының орташасына қатынасы ретінде есептеледі. Мына формула бойынша есептеледі:

К
ҚҚ = ----------------------------------------
----------------------------------------
Е(интеграл) ДтСальдоПР12 - Е(интеграл) ДтСальдоШ(121, 126)) - Е(интеграл) КтСальдо ПР13

18. Өзіндік капиталдың табыстылығы (ROE) - заңды тұлға өзіндік капиталының табыстылығын сипаттайды, яғни меншікті пайданың 1 теңгесіне таза пайданың қандай мөлшері келетіндігін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

T T

R O E = - - - -

СК

19. Жарғылық капиталдың табыстылығы (Жкт) - заңды тұлғаның жарғылық капиталына салынған активтер қаншалықты тиімді пайдаланылатындығын, яғни жарғылық капиталдың 1 теңгесіне таза пайданың қай мөлшері келетіндігін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

T T

Жкт = ---------------------------------------

-----------------------------------------

Е(интеграл) КрСальдоПР50 - Е(интеграл) ДтСальдоПР(51, 52)

20. 1 акцияның баланстық құны (акцияның Бқн) - акциялардың жалпы санына меншік капиталының арақатынасымен анықталатын Қоғам бағалы қағаздарының ақшаға шағылуы. Мына формула бойынша есептеледі:

С К

Акциялардың Бқн = -----------------------------

Акциялардың жалпы саны

21. Акциялардың мемлекеттік пакетінің табыстылығы (МПТ) - акциялардың мемлекеттік пакетінің 1 теңгесіне қанша дивидендтер есептелетінін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

Акциялардың мемлекеттік пакетіне есептелген дивидендтер

МПТ = -------------------------------------------------

Мемлекеттік акциялардың саны * Атаулы Құн

22. Өзіндік айналым капиталы (МАК), мың теңге - өзіндік капиталдың құрамдас бөлігі. Ағымдағы активтерді қалыптастыру үшін өзіндік капиталдың қай бөлігі көз болып табылатындығын көрсетеді. Осы көрсеткіштің басқа, мысалы: айналымдылықты сипаттайтын коэффициенттермен көрсеткіштер кешенімен ғана өсуі оң болып танылады. Мына формула бойынша есептеледі:

МАК = ТМЗ + Деб + ФииД - О

23. Қаржыландыру коэффициенті (ҚарК) - өзіндік капитал мен міндеттемелердің ара қатынасын сипаттайды. Ол активтердің қай бөлігі өзіндік капиталдың есебінен, қайсысы міндеттемелердің есебінен қаржыландырылатынын көрсетеді. Оңтайлы мән - 1-ден кем емес. Мына формула бойынша есептеледі:

С К

Қ а р К = - - - - - -

О

24. Тәуелсіздік коэффициенті (ТәуК) - заңды тұлға активтерінің қалыптастырылу көздерінің жалпы көлеміндегі өзіндік капиталдың үлесін

сипаттайды. Ол бойынша заңды тұлғаның міндеттемелерден қаншалықты тәуелсіз екендігі және өзіндік капиталымен оңтайландыру мүмкіндігі бағаланады . Оңтайлы мән - 0,5 кем емес. Мына формула бойынша есептеледі:

С К

Т ә у К = - - - - - -

БВ

25. Қарыздар (Кр), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Осы пассивтің сату көлемі мен ақша түсуінің үйлесімді ұлғаюынсыз әрқашан теріс деп қарастырылады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кр = Е(интеграл)Кт СальдоПР60

26. Қатысушылардың дивидендтері мен кірістері бойынша есептесу (Див), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Заңды тұлғаның есептелген, бірақ төленбеген дивидендтері бойынша акционерлермен есеп айырысу және қатысушылармен олардың қатысу үлесіне сәйкес есеп айырысу жөніндегі берешегін қамтиды. Мына формула бойынша есептеледі:

Див = Е(интеграл) КтСальдоПР62

27. Бюджетпен есептесу (Бюд), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Осы пассивтің сату көлемдері мен ақша түсуінің үйлесімді ұлғаюынсыз артуы әрқашан теріс деп қарастырылады. Мына формула бойынша есептеледі:

Бюд = Е(интеграл) КтСальдоПР63

28. Еншілес (тәуелді) ұйымдарға кредиторлық берешек (КБеұ), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Заңды тұлғаның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын заңды тұлғаларға кредиторлық берешегін қамтиды. Мына формула бойынша есептеледі:

КБеұ = Е(интеграл) КтСальдоПР64

29. Алынған аванстар және берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу (Аван), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Заңды тұлғаның берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу жөніндегі берешегін, еншілес заңды тұлғалар алдындағы берешегін, сондай-ақ тауарлық-материалдық қорларды беруге, жұмыстар мен қызметтерді орындауға алынған аванстарды қамтиды. Осы пассивтің сату көлемдері мен ақша түсуінің үйлесімді ұлғаюынсыз артуы әрқашан теріс деп қарастырылады. Мына формула бойынша есептеледі:

Аван = Е(интеграл) КтСальдоПР(66, 67)

30. Өзге кредиторлық берешек және аударымдар (ӨзКб), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Заңды тұлғаның өзге кредиторлармен есеп айырысу жөніндегі берешегін қамтиды. Осы пассивтің сату көлемдері мен ақша түсуінің үйлесімді ұлғаюынсыз артуы әрқашан теріс деп қарастырылады. Мына формула бойынша есептеледі:

ӨзКб = Е(интеграл) КтСальдоПР68

31. Жалақы жөніндегі берешек (Ж), мың теңге - міндеттемелердің құрамдас бөлігі. Заңды тұлғаның еңбекке ақы төлеу бойынша қызметкерлермен есеп айырысу жөніндегі берешегін және қызметкерлердің демалыстары жөніндегі есептелген берешекті қамтиды. Осы пассивтің қызметкерлердің санын, сату көлемдері мен ақша түсуінің тиісінше ұлғаюынсыз артуы әрқашан теріс деп қарастырылады. Мына формула бойынша есептеледі:

Ж = Е(интеграл) КтСальдоШ(681, 682, 685)

32. Міндеттемелердің айналымдылық коэффициенті (МАйК) - талданып отырған кезеңдегі міндеттемелер айналымының саны. Заңды тұлғаның несие берушілер тарапынан алатын коммерциялық несиенің кеңеюін немесе төмендеуін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі заңды тұлғаның несиені өтеу қабілетінің нашарлауы ретінде бағалануы мүмкін міндеттемелерді төлеу жөніндегі проблемалардың болуы туралы айғақтайды. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) Дт6БөлімАйн
МАйК = -------------------------
Е(интеграл) Кт6БөлімСальдосы

33. Міндеттемелердің айналым мерзімі (МАйМ), күндер - заңды тұлғаның міндеттемелерді қайтаруының орта мерзімін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны
МАйМ = ----------------------------
АйнК

34. Активтердің айналымдылық коэффициенті (ААйК) - талданатын мерзімде өндіріс пен айналыс кезеңінің қанша рет жасалатынын көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

К
ААйК = ------
БВ

35. Активтердің айналым мерзімі (ААйМ), күндер - өндіріс пен айналыс кезеңі жасалатын мерзімді көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны
ААйМ = ----------------------------
АйнК

36. Айналымнан тыс активтер (АтА), мың теңге - материалдық емес активтердің, негізгі қаражат пен инвестициялардың баланстық құны. Мына формула бойынша есептеледі:

АтА=Е(интеграл) Дт(10, 12, 14)БөлімСальдосы - Е(интеграл) Кт(11, 13) БөлімСальдосы

37. Материалдық емес активтер (МеА), мың теңге - барлық топтар бойынша материалдық емес активтердің баланстық құны. Мына формула бойынша есептеледі:

МеА = Е(интеграл) ДтСальдоПР10 - Е(интеграл) КтСальдоПР11

38. Негізгі қаражаттар (НҚ), мың теңге - барлық топтар бойынша негізгі құралдардың баланстық құны. Мына формула бойынша есептеледі:

НҚ=Е(интеграл) ДтСальдоПР12 - Е(интеграл) КтСальдоПР13

39. Негізгі қаражаттардың тозу коэффициенті (ТозК) - негізгі қаражаттардың техникалық жағдайын сипаттайды және жинақталған тозу сомасының бастапқы құнға қатынасын білдіреді. Оңтайлы мән - 0,5-тен кем емес. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) КтСальдоПР13

ТозК = --------------------------------------------------------

(Е(интеграл) ДтСальдоПР12 - Е(интеграл) ДтСальдоШ(121,126))

40. Инвестициялар (Инв), мың теңге - заңды тұлғаның пайда алу мақсатында ( мысалы, дивидендтер, роялтилер және т.б.) иелік ететін активтер. Мына формула бойынша есептеледі:

Инв = Е(интеграл) ДтСальдоПР14

41. Жарғылық капиталдың активтермен қамтамасыз етілуі (ҚамтК) - заңды тұлғаның қанша активі жарғылық капиталдың 1 теңгесіне келетіндігін көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

Б В

ҚамтК = -------------------------------------------------------

Е(интеграл) КрСальдоПР50 - Е(интеграл) ДтСальдоПР(51,52)

42. Оңтайлылық коэффициенті (ОңтайлК) - заңды тұлға активтерінің қай бөлігі айналымнан тыс активтерде шоғырланғандығын көрсетеді, сонымен заңды тұлға активтерін әртараптандыру мүмкіндігіне сипаттама береді. Мына формула бойынша есептеледі:

А т А

О ң т а й л К = - - - - - - - - - -

БВ

43. Тауарлық-материалдық қорлар (ТМҚ), мың теңге - өндірісте қолдануға немесе жұмыстар мен қызметтерді орындауға арналған тауарлық-материалдық қорлардың бар-жоғы; дайын өнім; сатуға арналған тауарлар жөніндегі ақпаратты

қорытындылайды. Басқа көрсеткіштерді, мысалы айналымдылықты сипаттайтын коэффициенттерді талдаудың негізінде серпін туралы түпкілікті тұжырым жасауға болады. Мына формула бойынша есептеледі:

ТМЗ = Е(интеграл) Дт2БөлімСальдосы

44. Материалдардың айналымдылық коэффициенті (МАйК) - талданатын мерзімдегі материалдар айналымының саны. Коэффициенттердің өсуі материалдардың артқанын білдіреді. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) КтАйнПР20

МайК = -----------------------

-----------------------

Е(интеграл) ДтСальдоПР20

45. Материалдардың айналым мерзімі (МАйМер), күндер - материалдардың айналым мерзімін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны

МАйМер = --------------------------------

МАйК

46. Аяқталмаған өндірістің айналымдылық коэффициенті (АӨАйК) - талданатын мерзімдегі аяқталмаған өндіріс айналымының саны. Коэффициенттің өсуі өндірістік қызметтің жандануын білдіреді, төмендеуі - тиісінше өндіріс белсенділігінің төмендеуін. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) КтАйнПР21

АӨАйК = -------------------------

Е(интеграл) ДтСальдоПР21

47. Аяқталмаған өндіріс айналымының мерзімі (АӨАйМер), күндер - аяқталмаған өндіріс айналымының мерзімін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны

АӨАйМер= ------------------------------

АӨАйК

48. Дайын өнімнің айналымдылық коэффициенті (ДӨАйК) - талданатын мерзімдегі дайын өнім айналымының саны. Коэффициенттің өсуі заңды тұлғаның дайын өнімді сатуының ұлғайтуын білдіреді, ал төмендеуі - дайын өнімді сатуының төмендетуін білдіреді. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) КтАйнШ221

ДӨАйК = ---------------------------

Е(интеграл) ДтСальдоШ221

49. Дайын өнім айналымының мерзімі (ДӨАйМер), күндер - дайын өнім айналымының мерзімін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны
ДӨАйМер = ------------------------------
ДӨАйК

50. Тауарлардың айналымдылық коэффициенті (ТауАйК) - талданатын мерзімдегі тауар айналымының саны. Коэффициенттің өсуі тауарларға сұранымның өсуін білдіреді, ал төмендеуі сату үшін алынған тауарларды сату мен сұраным көлемінің азаюын білдіреді. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) КтАйнШ(222, 223)
ТауАйК = ------------------------------
Е(интеграл) ДтСальдоШ(222, 223)

51. Тауарлардың айналым мерзімі (ТауАйМер), күндер - заңды тұлға сату үшін алған тауар айналымының мерзімін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны
ТауАйМер = ------------------------------
ТауАйнК

52. Дебиторлық берешек және басқа да активтер (Деб), мың теңге - осы көрсеткіштің тұрақты өсуі заңды тұлғаны өндірістік процесті жаңғырту мүмкіндігінен айыруға әкелуі мүмкін. Егжей-тегжейлі талдау үшін дебиторлардың толық ажыратуы мен жөнелтілімдер шартына түсіндерме қажет, бұдан басқа, дайын өнімнің серпінін талдау қажет. Мына формула бойынша есептеледі:

Деб = Е(интеграл) ДтСальдоПР(30, 32, 33, 34, 35) - Е(интеграл) КтСальдоПР31

53. Қаржылық инвестициялар және ақша (ҚИжА), мың теңге - заңды тұлғаның банктік шоттары мен кассасындағы қаржылық инвестициялардың және ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты тұжырымдайды. Ақшаның болмауы бір мәнді теріс сипатталады. Мына формула бойынша есептеледі:

ҚИжА = Е(интеграл) ДтСальдоР4

54. Ақшаның түсуі (АқшТ), мың теңге - есепті мерзімде заңды тұлғаның банктік шоттары мен кассасына түскен ақша. Мына формула бойынша есептеледі:

АқшТ = Е(интеграл)(ДРБөлІ1жол, ДРБөлІІ1жол, ДРБөлІІІ1жол)

55. Өтімділік коэффициенті (ӨтК) - болашақ кезеңдердегі кірістер мен шығыстар сомасын ескерместен, тауарлық-материалдық қорлардың, дебиторлық

берешек пен ақшаның міндеттемелерді қандай мөлшерде өтейтіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Оңтайлы мән - 2-ден кем емес. Мына формула бойынша есептеледі:

ТМЗ+Деб+ ҚижА-Е(интеграл) ДтСальдоПР 34
КТеӨтК = ----------------------------------------
О-Е(интеграл) Кт6БөлімСальдосыШ611

56. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті (КДебАйн) - талданататын мерзімдегі дебиторлық берешек айналымының саны. Заңды тұлға беретін коммерциялық несиенің кеңеюі мен төмендеуін көрсетеді. Осы коэффициенттің өсуі несиеге сатудың қысқартылуын айғақтайды. Төмендету - берілетін коммерциялық несиелердің өсуі. Бұл жағдайда заңды тұлға сөзсіз төлеу проблемаларымен қақтығасады және осының салдары ретінде ағымдағы қызметті қаржыландыру мәселелері туындайды. Мына формула бойынша есептеледі:

Е(интеграл) КтАйнПР(30, 32, 33, 34, 35)
КДебАйн = --------------------------------------
Е(интеграл) ДтСальдоПР(30, 32, 33, 34, 35)

57. Дебиторлық берешектің айналым мерзімі (ДебАйнМер), күндер - дебиторлық берешекті өтеудің мерзімін көрсетеді. Көрсеткіштің төмендеуі, яғни айналым мерзімінің қысқаруы және керісінше, оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Кезең ішіндегі күндердің саны
ДебАйнМер = --------------------------------
КДебАйн

58. Қызметкерлердің саны (ҚС), адам - орташа айлық жалақы мен өзге де орташа мөлшерлерді есептеу үшін қолданылатын қызметкерлердің жалпы саны. Өнім (жұмыстар мен қызметтер) өндірісінің көлемдерін ұлғайтпастан осы көрсеткіштің ұлғайтылуы теріс бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

ҚС=ЕңбекБ1жол003

59. Орташа айлық жалақы (ОАЖ), мың теңге - 1 қызметкерге есептегендегі орташа айлық жалақының сомасы. Заңды тұлғаның 1 қызметкерге есептегендегі кірістерін ұлғайтпастан осы көрсеткішті ұлғайту теріс бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

ЕңбекБ1жол002
ОАЖ = ---------------
ЕңбекБ1жол001*12

60. Барлық қызметкерлердің іс жүзінде жасаған адам-сағаттары (ІЖЖ), адам-сағат - шын мәнінде жасалған уақыттың адам-сағаттардағы жалпы саны.

Заңды тұлға кірістері мен қызметкерлер санының ұлғаюы болмай осы көрсеткіштің ұлғаюы теріс бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

ІЖЖ = ЕңбекБ1жол004

61. Бір қызметкердің іс жүзінде жасаған адам-сағаттары (1қІЖ), адам-сағат - еңбек қорының нормативтік және нақтылы мәндерін 1 қызметкерге есептеп салыстыруға мүмкіндік береді. Өнім (жұмыстар мен қызметтер) өндірісі көлемдерінің ұлғаюы болмай осы көрсеткіштің ұлғаюы теріс бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Е ң б е к Б 1 ж о л 0 1 1

1 қ І Ж = -------------------

ЕңбекБ1жол003

62. Еңбек өнімділігі (ЕңӨ), теңге - заңды тұлға қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығындардың тиімділігін сипаттайды. Осы көрсеткіштің өсімі оң бағаланады. Мына формула бойынша есептеледі:

Н Қ К

ЕңӨ = --------------------------

ЕңбекЕ(интеграл)Б2жол002

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК